

## 86-ТАРЫҚ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он жеті аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Аспанға, Тарыққа серт. (1) (Мұхаммед F.C.) Тарық не екенін қайдан білдің? (2) Ол, жарқыраган жүлдyz. (3) Эркіннің үстінде бір бақылаушы бар. (11-С. 56-А.) (4) Ал енді адамзат неменеден жаратылғандығына бір қарасын; (5) Бір атылып шыққан судан жаратылған; (6) Ол, бел стиек пен кеуде стиектің арасынан шығады.

(7) Сөз жоқ. Алла, адамзатты қайта тірілту күшіне ие. (8) Сол күні сырлар ашылады. (9) (Ол күні) адам баласына күш те көмекші де болмайды. (10) Қайталап жаңбырлататын аспанға серт. (11) Жарылып есімдік шыгаратын жерге серт. (12) Негізінен Қуран бір билік сез. (13) Ол, бір сықақ емес. (14) Шын мәнінде олар бір сығандық істеуде. (15) Сығандығына шара көремін. (16) (Мұхаммед F.C.) қарсы келушілерге мұрсат беріп, аз еркінекой. (17)

## 87-АҒЛА СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он тоғыз аят.


Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммед F.C.) ұлы Раббыңың атын дәріптеген. (1) Ол сондай Алла; жаратып, толықтаган, (2) Ол сондай Алла, шамалап оңғарған. (3) Ол сондай Алла, жайылысты жаратқан. (4) Сосын оны қап-қара қоқымға айналдырган. (5) (Мұхаммед F.C.) саған Қуран оқытамыз; сонда оны ұмытпайсың. (6) Бірақ, Алланың қалағаны басқа. Негізінде Ол, көрнеу, көмestі біледі. (2-С. 6-А.) (7) Саған оңай болғанды қолайластырамыз. (8) Пайда беретін болса, насихат ет. (9) Элде кім Алладан қорықса, үгіт алады. (10) Сорлы болғандар, одан бой тежейді. (11) Ол, сондай зор тозаққа салынады. (12) Сосын ол арада өлмейді де тірілмейді. (13) Элде кім тазарса, ол құтылды. (14) Ол, Раббыңың атын еске алып, намаз оқыды. (Бұл, айт намазы. Б.Ж.М.) (15)

Бірақ сендер дүние тіршілігін артық көресіңдер. (16) Ақырет хайырлы да тұрақты. (17) Негізінен бұл үкімдер, бұрынғы нұсқаларда бар; (18) Ыбырайым, Мұса (F.C.) лардың нұсқаларында. (19)

## 88-ФАШИЯ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Жиырма алты аят.  
Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.  
(Мұхаммед F.C. әлемді) қаптайтын қияметтің хабары саған келді ме?  
(1) Ол күні, кейбір жүздерді қорку басады. (2) Қатты қиналған шаршаған болады. (3) Жаңып тұрган отқа тасталады. (4) Қайнап тұрган бастаудан ішкізіледі. (5) Олардың ашы, сасық тікеннен басқа ешбір тамағы болмайды. (6) Ол, семіртпейді де аштықты баспайды. (7) Ол күні, кейбір жүздер шаттықта, (8) Фамалдарынан разы, (9) Қетеріңкі бақшада; (10) Ол арада бір бос сез естімейді. (11) Онда аққан бір бұлақ бар. (12) Онда биік дивандар бар. (13) Қойылған көсeler бар. (14) Тізілген жастықтар бар. (15) Төсөлген төсеніштер бар. (16) Олар, түйеге қарамай ма,



қайтіп жаратылған? (17) Олар, аспанға қарамай ма, қайтіп көтерілген? (18) Олар, тауларға қарамай ма, қайтіп тігілген? (19) Олар, жерге қарамай ма, қайтіп төсөлген? (20) (Мұхаммед F.C.) ал енді насиҳат ет; негізінен сен бір насиҳатшысың. (21) Сен оларды зорлаушы емессің. (22) Бірақ әлде кім бет бұrsa, қарсы келсе; (23) Сонда Алла, оны зор азаппен қинайды. (24) Расында олардың қайтар жері Біз жақ. (25) Сосын сез жоқ. Олардың есебі Бізге тән. (26)